

## Әскери-патриоттық кеш


# Тәуелсіз елдің қырандары

«Даңқты өткенімізден күш ала отырып,  
жаңа ғасырға нық қадам басамыз»  
Нұрсұлтан Назарбаев

Қазақ халқы сан ғасырлық тарихында өзінің қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын сақтап қалу үшін қилы кезеңді бастан кешірді.

Даңқты бабаларымыз, ұлы хандар мен батырлар, терең ақыл, ержүректіктің арқасында ел мен жердің тәуелсіздігі үшін күресті. Бүгінде өз тарихымызға көз салып, Тоныкөк, Күлтегін, Білге қаған секілді көреген билеуші, ұлы қолбасшылардың қадірін түсіне бастадық.

«Түркі халқым үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым», - деп Күлтегін бабамыз



айтқандай, олардың тас ескерткіштерге қашап жазып қалдырған сөздері түркі халқының талай тағдыры мен Тәуелсіздік үшін күресін ұрпақтар санасына мәңгіге бекітті.

Халық мүддесін басты мұрат ету үрдісін сарабдал хандар - Қазақ хандығының негізін салушы Керей мен Жәнібек, Қасым, Хақназар, Есім, Тәуке, Әбілқайыр мен Абылай жалғады. Олардың бастауымен біздің еліміз азулы көршілерінің тоқтаусыз қысымына қарамастан, тарих қойнауында жоғалып кетпей, өзін сақтай білді.

Осыған байланысты орталық кітапхананың оқу залында 7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне орай батыр бабаларымыздың Отанымызды қорғау жолындағы абыройлы ісін әрі қарай жалғастырушы жауынгерлерге арналған «Тәуелсіз елдің қырандары» атты патриоттық кеш өтті. Кеш барысында Қазақстанның көне дәуірлерден бүгінгі күнге дейінгі әскери тарихы баяндалды. Мақсаты - жас ұрпақты өз елінің өткен тарихын білуге, Отанын сүйуге баулу.

№ 2 Киевка орта мектебінің 9-сынып оқушылары: Жарас Қабыкеш пен Арайлым Амангелді «Отанымның ұлымын», «Мен - қазақтың ұланымын» атты патриоттық өлеңдер оқыды.

Егеменді еліміздің тыныштығын және бейбітшілігін қорғау - әр азаматтың қасиетті борышы екендігі баршамызға мәлім. Ал, Отанды қорғаушылар - тек қана білектің күшіне сүйенушілерден ғана болмай, ақылы мен қайраты, күш-жігері мен зердесі бірдей мықты болуы тиіс. Осы орайда кітапханашылар кешке қатысқан жастарымыздың ақылы мен тапқырлығын бәйгеге салу ниетімен «Елдің ерлігі ерінен танылар» атты сұрақ-жауап, «Бабадан қалған асыл сөз» атты мақал-мәтелдер сайысын өткізіп, белсенділік танытқан көрермендерге сыйлықтар табыстады.

Оқу залының кітапханашысы К. Қ. Баймағамбетова «Елін қорғау - ерге серт» және «Өткен күндер елесін, кітаптан оқып, білесің» атты кітап көрмелеріне шолу жасады.

Патриоттық кеш Несіпбек Айтұлының:

«Біздер үшін Отан жалғыз, Ту жалғыз,

Қорғамасақ несіне ұл боп туғанбыз?! » деген керемет сөздерімен аяқталды.

**Алибекова Гүлмира,  
кітапхана оқырманы**